ZHETYSU UNIVERSITY

50 jyl Est. 1972

# Jetisý ýnıversıteti

№12 (225)
23 jeltoqsan
2022 jyl

ALMATY OBLYSTYQ QOĞAMDYQ-SAIASI JASTAR GAZETI
АЛМАТИНСКАЯ ОБЛАСТНАЯ ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ МОЛОДЕЖНАЯ ГАЗЕТА



## Тәуелсіздік – тәу етер тұғырымыз!



Міне бір жылды артқа тастап, келер жылдың табалдырығын үлкен үмітпен аттағалы отырмыз. 2022 жыл біздің Жетісу университеті үшін айтулы, табысты жыл болды. Іргелі білім ордасының 50 жылдығын жұдырықтай жұмылып, кең көлемде атап өттік. Ғылым және жоғары білім саласын дамыту, сапалы білім беру ісінде серпінді өзгерістер, ілкімді қадамдар аз болған жоқ.

Желтоқсан айы өткенге есеп беріп, келер жылға жоспар құратын ерекше ай. Еліміз үшін теңдесі жоқ тарихи күн – Тәуелсіздік мерекесін де осы айда тойлаймыз. Тәуелсіздік күнінің орны қашанда бөлек. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев айтқандай, Қазақстанның бүгінгі тарихы 1991 жылмен немесе 1936 жылмен өлшенбейді. Халқымыз Қазақ хандығы кезінде де, одан арғы Алтын Орда, Түрік қағанаты, Ғұн, Сақ дәуірінде де осы жерде өмір сүрген, өсіп-өнген. Яғни, ұлттық тарихымыздың терең тамырлары көне заманның өзегінде жатыр. Тұтас дәуірлердің куәсі болған халқымыз сан ғасырлық бұралаң әрі қиын жолмен жүріп өтті.

Олай болса, Тәуелсіздік – ата-бабаларымыздың көптен көксеген асыл арманы.

Баршаңызды Тәуелсіздік күнімен шын жүректен құттықтаймын. Әрқайсыңызға зор денсаулық, мол бақыт, шығармашылық өрлеу тілеймін. Тәуелсіз еліміздің салиқалы ұрпағын тәрбиелеу жолындағы қажырлы еңбектеріңіз жана берсін. Еліміздің дамуына қажетті білікті маман даярлаудағы ортақ істе береке-бірлігіміз арта түссін. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын. Жаңа жыл жақсылығымен келсін!

**Қуат БАЙМЫРЗАЕВ,**
**Басқарма төрағасы - ректор**

## ЖЫЛДЫҢ ЖАРҚЫН ЖЕТІСТІКТЕРІ




► Биыл ғылым мен білім кеңістігінде айшықты орны бар, еліміздің әлеуметтік-экономикалық әлеуетін арттыруда бәсекеге қабілетті мамандар даярлап жүрген І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің құрылғанына 50 жыл толды.

► Биылғы оқу жылында Жетісу университеті көпсалалы университеттердің ұлттық рейтингісінде (НАОКО-2022) 4 орынға ие болды.

► Биылғы оқу жылында QS Еуропа және Орта Азия дамушы елдерінің аймақтық рейтингісінде 241-250 үздік университеттердің қатарына енді.

► Биыл оқу орнында Цюрих университетінің Еуразиялық зерттеулер орталығы ашылды. Онда Еуропалық Одақтың қаржыландыруымен ғылыми жоба орындалуда.

► Биылғы оқу жылында университет ТМД-ның 6 жоғары оқу орнымен, Түркияның 3 жоғары оқу орнымен, Европаның 1 жоғары оқу орнымен (Лунд университеті, Швеция) шарт жасасты.

► Биылғы оқу жылында Білім беру бағдарламаларының реестріне 22 жаңа және инновациялық бағдарлама әзірленіп, енгізілді.

► Биылғы оқу жылында 18 бағдарлама БСҚТҚА-да (НАОКО) 2027 жылға дейін 5 жыл мерзімге қайта және бастапқы аккредиттеуден өтті. Құқық және экономика жоғары мектебінің 10 бағдарламасы ACQUIN агенттігінен 2028 жылға дейін 8 жыл мерзімге аккредиттелді. Польша және Ресейдің ЖОО-дарымен 6 бағдарлама бойынша қос дипломды білім беру жүзеге асуда.

► Биыл Жетісу университетінің 50 жылдық мерейтойына орай білім ордасының дәрісханасына Халық қаһарманы, қазақ ғарышкері Айдын Айымбетовтың есімі берілді.

► Биыл «Журналистика және ақпарат» білім беру бағдарламасының оқу радиостудиясы ашылды.

► Биыл ҚР Білім және Ғылым министрлігі ұйымдастырған «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы – 2021» байқауында Жетісу университетінің төрт оқытушысы: п.ғ.к., қауымдастырылған профессор (доцент) Рыскүл Тасболатова, п.ғ.к., қауымдастырылған профессор (доцент) Мамилия Жакыпбекова, п.ғ.к., қауымдастырылған профессор (доцент) м.а Айгүл Алдабергенова, философия докторы (Ph.D), қауымдастырылған профессор Дәурен Бекежанов жеңімпаз атанды.

► Биыл студенттер республикалық пәндік олимпиадалар мен халықаралық спорттық жарыстарда жүлделі орындарға ие болды. Дене шынықтыру және өнер жоғары мектебінің 3 курс студенті Аслан Тұрұсбеков, 1 курс студенттері Сарсенұлы Самат, Есмұрат Мақсат, Омар Айбол әлем чемпионы атанды.

● Ж. ЖАПАРОВТЫҢ 80 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫ

# ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯ

**І.ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ ПРОФЕССОР ЖОМАРТ ЖАПАРҰЛЫНЫҢ 80 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫНА АРНАЛҒАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ ӨТТІ.**

**«ЖЫЛ САЙЫН ЖЕЛТОҚСАН АЙЫНДА ДӘСТҮРЛІ «ЖАНСҮГІРОВ ТАҒЫЛЫМДАРЫ» АТТЫ КОНФЕРЕНЦИЯ ӨТЕТІНІН БІЛЕСІЗДЕР. ОСЫ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ БИЫЛҒЫ САНЫН БІЛІМ ОРДАСЫНЫҢ ДАМУЫНА ӨЛШЕУСІЗ ҮЛЕС ҚОСҚАН АЗАМАТТЫҢ ЕҢБЕГІН НАСИХАТТАУ, ӨМІР ЖОЛЫН ЖАСТАРҒА ҮЛГІ ЕТУ МАҚСАТЫНДА ЖОМАРТ ЖАПАРОВТЫҢ 80 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАП ОТЫРМЫЗ – ДЕДІ ӨЗІНІҢ АЛҒЫ СӨЗІНДЕ БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ - РЕКТОР ҚУАТ БАЙМЫРЗАЕВ.**





Республикалық конференцияда ҚазҰАУ профессоры, ф.ғ.к. Ізетәлі Тілешов, «125 high schol» мектебінің физика пәні мұғалімі, ф-м.ғ.к. Манат Шакенов, Абай атындағы ҚазҰПУ профессоры, п.ғ.д Сабырғүл Сеитова сынды оқытушы-ғалымдар ғылыми баяндама жасады. Онда жаңа Қазақстандағы жаңашыл үрдіс бағдары, Жомарт Жапаров мұрасының қазіргі ғылымдағы орны мен маңызы сөз болды.

Жомарт Жапарұлының өмір жолы, ғылыми еңбектері, қайраткерлігі айтылды. Жиынға арнайы келген Жетісу облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқарма басшысы Ермек Ақшабаев облыс әкімі орынбасарының құттықтау хатын табыс етті.

Конференция соңында универсиет ректоры Қуат Баймырзаев Жомарт Жапарұлының жұбайы Раиса Омароваға «І.Жансүгіров университетіне 50 жыл» мерекелік төсбелгісін тақты. «Раиса Серікбайқызы 1978 жылдан бастап шетел тілі оқытушысы болып қызмет атқарып, білім шаңырағына сүбелі үлес қосқан ұлағатты ұстаз» – деді ректор.

1989-1995 жылдар аралығында «І.Жансүгіров атындағы Талдықорған педагогикалық институты» деп аталған білім шаңырағында Ректорлық қызмет атқарған Жомарт Жапарұлының өмір жолы Жетісу университетімен тығыз байланысты. Институттың университет статусын алуына Жомарт Жапарұлының ықпалы зор болды.

Ұлағатты ұстаз, білікті басшы, адамдық асқарындағы арда азаматты әріптес, үзеңгілестері ерекше сағынышпен еске алып, өткен күндердің жарқын сәттерімен бөлісті.



# «JAS ĠALYM» ЖЕҢІМПАЗДАРЫ

Жуырда «Jas ġalym» ғылыми және ғылыми-техникалық қызметінің нәтижелерін коммерцияландыру жобаларын гранттық қаржыландыруға арналған байқаудың марапаттауы өтті. Жеңімпаздарды І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің Басқарма Төрағасы-ректор Қуат Маратұлы құттықтады.

Байқауға 20 өтінім қабылданған. 2023 жылғы 1 қаңтардан 31 желтоқсанға дейін іске асыру мерзімімен жалпы сомасы 12 млн теңге болатын 8 жоба мақұлданды:

1. «TIR-робототехниканы оқытуға арналған мобильді қосымша» жоба жетекшісі М. А. Әуелбек, жоба орындаушылары А. М. Иманбетова, а. н. Жайлаубаева, қаржыландыру сомасы: 1 500 000 теңге;
2. «Черная львинка шыбынының личинкаларының көмегімен зоогумус өндірісі» жоба жетекшісі А. Камбарова, жоба орындаушылары Б. Б. Туктубаев, Ә. Байбекова. К., 1 500 000 теңге;
3. «PROrblV ACADEMY» (digital education) жоба жетекшісі Д. А. Дигай, жобаны орындаушылар Н. Т. Тоқтаханова, Д. Нұрмұханқызы, 1 500 000 теңге;
4. «Шыны қалдықтарынан құрылыс материалдарын өндірудің экологиялық және экономикалық тиімділігі» жоба жетекшісі А. Е. Тоқанбаев, жоба орындаушылары Б. С. Нұртаев, Б. К. Көбей, 1 500 000 теңге;
5. «Python бағдарламасын үйретуге арнаған «pyteach» онлайн платформасы» жоба жетекшісі Ш. М. Асылбекова, жоба орындаушылары А. А. Советбекова, Б. М. Тоқтаған, А. А. Төленбергенова, 1 000 000 теңге;
6. «DaVinci – Қашықтықтан оқытуға, онлайн курстарды, бейне сабақтарды жазуға және вебинарлар өткізуге арналған интерактивті бейне студия» жоба жетекшісі Ж. У. Ахметов, жоба орындаушылары А. Е. Құлынтаев, Д. К. Қабдуалиев, А. Б. Абдулаева, 2 000 000 теңге;
7. «Safe-Guard» автономды пилотсыз ұшу аппаратын күзет жүйесінде динамикалық пайдалану» жоба жетекшісі А. С. Ибраимов, жоба орындаушылары С. С. Серікбаев, Қ. Р. Жақпаев, 2 000 000 теңге;
8. «Әлеуметтік туризм бойынша Жетісу облысының Біріңғай порталы - SocTour7su.kz» жоба жетекшісі Сапарова А. Қ., жоба орындаушылары А. М. Қасымова, Өмірсерік Д. Н., 1 000 000 теңге.

# «ТӘУЕЛСІЗДІК БӘРІНЕН ҚЫМБАТ» ЭССЕ БАЙҚАУЫ ӨТТІ

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті студенттері арасында «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты эссе жазу байқауы өтті.

Байқаудың мақсаты студенттердің патриоттық сезімін нығайту, шығармашылық әлеуетін, лингвистикалық капиталын дамыту. Отанға, туған елге, жерге деген құрметін күшейту, ұлттық сананы қалыптастыру.



Ұлық мерекеге орай «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» тақырыбын шығармаға арқау ету. Талантты жастарға қолдау көрсетіп, серпін беру.

Байқаудың талабы мен шарты бойынша әр қатысушы өз таңдауы бойынша қазақ және орыс тілінде эссе жазып ұсынды.

Қазылар алқасы байқауға ұсынылған шығармашылық жұмыстарды бағалауда тақырыптың ашылуы мен ойдың біріздігіне, өзектілігі мен жаңалығына баса мән берді. Сондай-ақ, эссенің грамматикалық сауатты жазылуын басшылыққа алды.

Алдымен қатысушылардың жолдаған шығармалары антиплагиатқа тексеріліп, әр үміткердің сөздік қоры, сөз көркемдігі, идеялық серпіні ескерілді.

Нәтижесінде І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті журналистика БББ-ның 2 курс студенті Гүлнұр Ермұқанқызы І орынға ие болды. Жүлделі ІІ орынға орыс тілі мен әдебиеті бөлімінің 2 курс студенті Аяжан Қалиақбардың эссесі лайық деп танылды. ІІІ орынды педагогика және психология жоғары мектебінің 3 курс студенті Арианна Сұлтан еншіледі.

Жетісу университетінің жастар саясаты жөніндегі проректоры Болат Сериев байқау жеңімпаздарын құттықтап, шығармашылық табыс тіледі.

Студенттердің тәуелсіздік жайлы толғамдарын 4-беттен оқи аласыздар.

*Бетті дайындаған Әйгерім ИЕБЕКОВА.*

БАС РЕДАКТОР БАҒАНЫ

# Тәуелсіздіктің басты тірегі – қазақ тілі



Ұлы қазақ даласында азаттық туы желбіреп, тәуелсіздіктің таңы атқанына 31 жыл болды. Осы жылдар ішінде қазақ елі аз белесті бағындырған жоқ. Алайда біз, бүгінгі ұрпақ, Тәуелсіздіктің қадірін біліп жүрміз бе?

Өкініштісі сол, ұлттың ұлт екенін дәлелдейтін, тәуелсіздіктің басты нышаны – тіл екенін әлі түсіне алмай келеміз.

Тәуелсіздік дегеніміз – ұрпағымыздың бақыты дейміз. Еркіндік сүйген ұлы елде азат ойлы, тәуелсіз жастар өсіп келеді деп қуанамыз. Дегенмен айту бөлек те, оны көзбен көру, шынайы сезіну бір басқа. Жуырда «Қазақстан аруы – 2022» байқауы өтті. Сұлулық байқауында бақ сынаған арулардың дені 16-24 жаста, яғни 1998–2006 жылдары дүниеге келген, нағыз Тәуелсіз елдің өскіндері. Байқау жеңімпаздары не қазақ, не орыс емес, Мөңке би айтқандай алашұбар тілде шүлдірлегенде «Бабалар аңсаған, байтақ елдің болашағы осы ма?» - деп көңілге кірбің ұялағаны жасырын емес. Сондағы арудың айтқан уәжі – 11 жыл бойы қазақ тілінде білім алса да, орыс тілді ортада өсіп, тұрмыстық қарым-қатынаста ана тілін жиі қолданбағандықтан, жат тілде сөйлеп, жат тілінде ойлауға дағдыланып калған. Бұл бір ғана мысал. Аралас мектепте оқып, асфальтта өскен қала балаларының жағдайы осы.

Өз тілінде сөйлемейтін, сөйлей алмайтын адамды рухани мүгедек дейтін болсақ, аралас мектеп ашып «мүгедектер қоғамын» қолдан жасап жатқан жоқпыз ба? Олай дейтінім, елімізде аралас мектеп саны жыл санап артуда.

Белгілі абайтанушы, әдебиетші Мекемтас Мырзахметұлының: «Аралас мектептің көзін құртпай, мемлекеттік тілдің мерейін өсіреміз деу қармақсыз балық аулаумен бірдей», – деген сөзінің мәні терең.

Жуырда фейсбук әлеуметтік желісінен журналист Камшат Тасболаттың «Қазақ тілі «тілдер иерархиясының» жүздігінен шығып кетуі мүмкін бе?» деген жазбасын оқыдым. Талай адамның көкейінде жүрген ойын дөп басып, санасына сілкініс туғызатын бұл жазбаны барлық қазақ басылымдары көшіріп басты.

Журналист өз жазбасында әлемдегі кеңінен қолданылатын тілдердің жүздігінде көршілес өзбек, өзімізден 10 млн-ға аз – әзірбайжан халқынан әлдеқайда төмен тұрғанымызды көрсеткен.

«Бір өкініштісі, осыдан 10-12 жыл бұрын әлемдегі кеңінен қолданылатын тілдердің жүздігінде шамамен 70-ші орында болған қазақ тілі кейбір рейтингтерде 89 орынға сырғыған. Керісінше, еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін кеңінен дамуы тиіс тіл неге мұндай күйге түскен?!» – деп жазды ол.

Өткен ғасырларда ұлы қазақ даласында «Жесір дауы», «Жер дауын» жиі көтерілсе, қазіргі тәуелсіз қазақ елінде «Тіл дауы» белең алып тұр.

Әсіресе қоғамда үлкен резонанс туғызған аралас мектепке қатысты дау-дамай, «Мухоряпов дауы» да елімізде тілдің қаншалықты ауыр да өзекті тақырып екенін, қоғамның екі тілге бөліну нышанын байқатты.

Сондай-ақ, тілші өз жазбасында қазақ тілін қолдайтын халықаралық ұйым қажет - деп, қазақ диаспорасы көп шоғырланған елдерде қазақ тілін көбірек насихаттау жөнінде ұсыныс айтады.

«Байқауымызша, қазір әлемнің түкпір-түкпірінде Димаштың тыңдармандары мен фанаттары қазақ тілін интернет арқылы үйреніп жатыр. Неге осы үрдісті барынша қолдамасқа?» – дейді.

Мен бұл пікірге толықтай қосыламын. Соңғы кездері әлеуметтік желілерден өзге этнос өкілдерінің қазақ тілінде ән салып, қазақ тілінде түсірген бейне жазбаларын жиі көріп жүрміз. Өздерінің мемлекеттік тілде еркін сөйлейтінін мақтанышпен жеткізетін отандастарымыздың қатарының да көбейіп жатқандығы қуантады. Қазақ әндеріне билеп, қосылып шырқап жататын өзге мемлекетте тұратын ұлттар да бар. Желі қолданушылары қазақ тіліндегі ән мәтінің түсінбесе де оның өте әдемі тіл екендігін жарыса жазуда.

Қысқасы, қазақ тілі әлі де қамқорлыққа зәру. Тілге деген қамқорлықты әрқайсымыз өзімізден бастауымыз керек. «Қазақ тілі ең бай, көркем тіл» - деп құрғақ сөзбен айтып қана қоймай, оның қоғамдық ортадағы ықпалын көтеру баршамыздың парызымыз. Әр қазақ, әрбір қазақстандық кез келген ортада мемлекеттік тілде мақтаныш сезімімен сөйлеуі тиіс. «Қазақ тілді оқулықтар ауыр», «қазақ тілінде білім алу қиын» деген қасаң ойдан арылатын кез жетті. Мамандардың айтуынша, қазір барлық жерде орыстілді педагогтар тапшы. Соның салдарынан орыс тілінде білім беру сапасы біртіндеп төмендеуі мүмкін.

Балаларымызды, қазақ балабақшасы мен қазақ мектебіне беріп, отбасы мен ошақ қасында, қоғамдық ортада өз ана тілімізде сөйлеп, қазақ тіліне деген қажеттілікті арттырайық.

Осыдан бірнеше жыл бұрын, «Ағылшын тілін ерте жастан оқытуға дайынбыз ба?» - деген мақала жаздым. Араға жылдар салып әріп танымайтын баланы бірден үш тілде оқытудың тиімсіз екендігіне ақыры көз жеткіздік. Бұл жөнінде министр Асхат Аймағамбетов: «Зерттеу мен сараптама жүргізе келе, 1-сынып оқушысына үш тілді бірден меңгеру қиын екенін көрдік. Осы мәселе бойынша шешім қабылдап, қазақ тілді мектептерде 1-сынып оқушысын тек қазақ тілінде оқытуға қатысты жұмыс жүргізіп жатырмыз. Алдымен өз тілінде оқып және жазып үлгереді. Екінші сыныпта орыс тілі, үшінші сыныпта ағылшын тілі енгізіледі», – деді. Сөйтіп, жаңа оқу жылынан бастап 1-сынып оқушыларын үш тілде оқыту алынып тасталды. Қазақ тілді мектептерде оқушылар орыс тілін екінші сыныптан, ағылшын тілін үшінші сыныптан бастап оқитын болды. Биылғы оқу жылының басты жаңалығы да жетістігі де осы дер едім. Бұл шешімді барлық ата-аналар, оқушылар құп көрмесе, ренжіген жоқ. Өзім де 1 сыныпқа баратын қызым үшін қатты қуандым.

Өйткені, Тәуелсіз елдің ұрпақтары алдымен өз ана тілінде білім алуы керек.

Тіл – тірі ағза секілді. Жаңарып, толығып отыруы, мәңгі жасауы үшін ерекше күтімді қажет етеді. Өз тілімізді бағбандай аялайықшы?!

**Әйгерім ИЕБЕКОВА.**

# ҚАЗАҚ ТІЛІ «ТІЛДЕР ИЕРАРХИЯСЫНЫҢ» ЖҮЗДІГІНЕН ШЫҒЫП КЕТУІ МҮМКІН БЕ?

*Бүгін әлемде 5000-7000-ға жуық тіл бар. Өкінішке қарай, жыл өткен сайын өлі тілдер қатары көбейіп жатыр. Қазақ тілінің әлемдік және мемлекеттік деңгейде жай-күйі қандай?*

**Дүниежүзілік рейтингте нешіншіміз?**

Қазір әлемде мойындалған 200-ге таяу мемлекет бар. Бір өкініштісі, осыдан 10-12 жыл бұрын әлемдегі кеңінен қолданылатын тілдердің жүздігінде шамамен 70-ші орында болған қазақ тілі кейбір рейтингтерде 89 орынға сырғыған. Керісінше, еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін кеңінен дамуы тиіс тіл неге мұндай күйге түскен?! Халықаралық зерттеулер қаншалықты бейтарап? Мұндай кері кету үрдісі орыс тіліне де тән. Сарапшылардың алдағы уақытта орыс тілінің орнын әлемдік рейтингтерде түрік тілі басады деген болжамы бекер емес. Жалпы, жүздікте төрт түркі тілі кіреді: әлемдік тілдерді зерттейтін Ethnologue анықтамалығының дерегіне сенсек, бұл жүздікте түрік тілі – 20 орында, өзбек тілі – 54 орында, әзірбайжан тілі – 82 орында, қазақ тілі – 89 орында. Бір қызығы, әлемдік рейтингте қазақ тілін қолданушылар саны 12 934 060 адам, яғни, «native speakers» ретінде көрсетілген. Ал Әзірбайжанның халық санағы бойынша, елде 10 млн астам адам тұрады, ал тілді қолданушылар саны 13 813 750 деп көрсетілген. Яғни, сырттағы әзірбайжандарды да санаған. Енді қараңыз, 2009 жылғы әлемдік зерттеулерде қазақ тілін білетіндер саны 17,8 млн адам деп көрсетілген, онда Қазақстаннан бөлек, Қытай, Моңғолия, Ресей, Өзбекстан, Қырғызстанда тұратын қазақ саны ескерілген. Әлбетте әр елдің өз саясаты бар. Бұл тұрғыдан Ресей мен Қытайда тұратын қазақтардың статистикалық көрсеткіштері бұрмаланады деп талай жазылды. Өкінішке қарай, бауырлас елдерде де мұндай үрдіс жоқ емес. Тіпті, мемлекеттік саясатқа сәйкес, ұлтын өзбек деп көрсетуге мәжбүр болған қандастарымыз қаншама?! Неге американдық зерттеушілер соңғы статистикалық мәліметке сырттағы қазақ санын кіргізбеген? Жалпы, Қазақстан үкіметі сырттағы қазақтың санын біле ме? Бұл да бөлек зерттеуді талап ететін тақырып.

**Қазақстандағы жағдай қалай?**

Әрине, билік те, қоғам белсенділері де Қазақстан дербес мемлекет болғалы тілдің ахуалы әлдеқайда жақсарды дейді. Шынтуайтында, басқа посткеңестік елдерге қарағанда Қазақстанда орыс тілінің бұрынғы империя тілі ретіндегі ықпалы әлі де жоғары әрі оның іс жүзінде іс-қағаз, саясат, бизнес тілі боп отырғаны жасырын емес. Жақында қоғамда үлкен резонанс туғызған «Мухоряпов дауы» да тілдің қаншалықты ауыр да өзекті тақырып екенін көрсетті. Президент Қ.Тоқаев өз сөзінде «Қазақ тілін меңгеру – біртұтас ұлт болу жолындағы айрықша маңызды қадам» деген еді. Яғни, мемлекет, үкімет үшін елдегі 20 млн халықты қазақша сөйлету – уақыт күттірмейтін мәселе болуы тиіс. Ал қолданушылары 20 миллионға жеткен тілдер жоғарыдағы рейтингтің Топ-жетпістігінде жүр. Соңғы санақ қазақстандықтардың 80 пайызының мемлекеттік тілді меңгергенін аңғартты. Мемлекеттік тілді меңгермеген адам саны – 3 426 306 адам, оның ішінде орыс диаспорасының қатарында 2 млн 113 мың адам тілді меңгермесе, 708 мыңнан астамы қазақша сөйлейтінін жеткізіпті. Бірақ күнделікті қазақ тілін 262 мың орыс қана қолданады екен. Сол сияқты қазақтың 11 млн 861 мыңнан астамы тіл білсе, 45 мыңнан астамы ана тілін білмейтінін ұят болса да мойындаған, бірақ 7 млн 550 мың қазақ азаматы тілді күнделікті қолданады.

**Тілдің жағдайын қалай жақсарта аламыз?**

Біздің Президент, Үкімет, Парламентке ұсынысымыз, мемлекеттік тілдің Қазақстан мен жалпы әлемдік рейтингтердегі жай-күйін жақсарту үшін қазақ тілін қолдайтын халықаралық ұйым қажет-ақ. Мәселен, Францияның Франкофония ұйымы, Түркияның Юнус Эмре институты, Германияның Гете институты, т.б. тілді дамытудың, мәдени байланыстарды тереңдетудің ең айшықты мысалдары боп саналады. Неге қазақ тілін әсіресе қазақ диаспорасы көп шоғырланған елдерде көбірек насихаттамасқа? Байқауымызша, қазір әлемнің түкпір-түкпірінде Димаштың тыңдармандары мен фанаттары қазақ тілін интернет арқылы үйреніп жатыр. Неге осы үрдісті барынша қолдамасқа? Сіз не ұсынар едіңіз?

**Камшат ТАСБОЛАТ.**

Gazeta.zhgu@mail.ru tel.:12-00

ЭССЕ БАЙҚАУЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ

# ТӘУЕЛСІЗДІК БӘРІНЕН ҚЫМБАТ

Тәуелсіздік қолдағы баға жетпес байлық. Ұлт болашағының кепілі. Сан ғасырлар бойы ата-бабамыз арман етіп, жанын құрбан қылған кезеңнің жемісі. Биыл тәуелсіз байтақ ел болғанымызға 31 жыл толды. Азаттықты аңсаған халық мақсатына жетіп, көк байрақ астында тату-тәтті ғұмыр кешуде. Бірақ осы уайымсыз шат күндер қаншама жанның қыршын жаны мен көз жасының бодауына келгендігін ешқашан ұмытпауымыз тиіс. Тағдырдың талай талқысына төтеп беріп, сағы сынбаған қазағымның басына қара бұлт артынан жарық күн туды. 31 жыл бұрын жастардың қастерлі өмірі қасіретті сәтке айналып, тал ғұмыр талқандалды. Ел келешегін ойлаған біз қатарлы өжет ұл қыздарымыз Алматы алаңына шығып, жанын пида етті. Діттеген мақсат — Тәуелсіздікке қол жеткізді.

Арман орындалып тұғырлы азат ел атанғалы Қазақстан көркейіп, ажарлана түсті. Ең бастысы өзге елге жалтақтамай, пайдалы шешімдер жасап, экономика, халықтың ішкі жағдайы, білім, шет елдермен достық қарым-қатынастарды дамытуда айтарлықтай іс атқарды. Тас бұғаудан шыққан еліміз ұмыт болған тарих шындығын ақтарып, ұлт жолында құрбан болған қаһармандарымыз әспеттелді. Қыршын тағдыр, қилы ғұмырлар ұлттың ұлар бағы, ана тілімізді, қазақи болмысымызды жоғалтпай бүгінге дін аман жеткізді.

Қолымыздағы бағалы қазынамызды жоғалтып алмау үшін ұрпаққа тәуелсіздіктің қымбат екенін, талайлар аңсап жүрген арман екенін санасына жеткізу қажет. Жастайынан тәуелсіздік таңы қалай келгенін білген азамат оны бағалай алады. Маңыздысы, келешек Қазақстан бейбітшілігі үшін оларды Отанын сүюге, патриот болуға баулу керек. Сонда ғана еш алаңсыз келешекке нық қадам жасауға болады. Алаштың арысы Мағжан Жұмабаевтің өзі:

Көздерінде от ойнар,
Сөздерінде жалын бар,
Жаннан қымбат оларға ар,

Мен жастарға сенемін!-деп жастарға үміт артып, өлең өрнегін дестелеуі тегіннен-тегін емес. Демек, елдің, елдіктің болашағы бізге, жастарға аманат.

Егемендік туын берік ұстап, ел іргесінің бекемделе түсуінде елін сүйген азаматтардың орны ерекше. Сондықтан барлығымыз жұмыла




өркендеу жолына үлес қосу басты парызымыз болмақ!

Сөзімді қорытындылай келе, ойымда жүрген ұсынысымды айтқым келеді. Осыған дейін 16 желтоқсан тәуелсіздік күні мереке болып, ойын сауық көңілді іс шаралар өткізіліп келді. Бірақ бостандық алу жолында осы күні қаһарман азаматтарымыз жан тапсырып, түрмеге қамалып көрмегенді көрді. Қыздарымыздың ары тапталып, қақаған аязда жауыздықпен азаптанды. Өз жанын тәуелсіздік байрағына айырбас еткен нағыз қазақ жігіттері мен ер мінезді аруларымыздың есімін барша жұртқа паш етіп, ғасырдан ғасырға ерлігі мен есімін асқақтату керек. Сондықтан да қасіретті күнді мереке ретінде емес, азаттық сыйлаған жандарды үнсіздікпен еске алып, аруақтарына құрмет көрсетсек екен.

**Гүлнұр ЕРМҰХАНҚЫЗЫ,**
**ЖҚ-211 топ студенті.**

Қазақстан қанатын кеңге жайған – тәуелсіз мемлекет. Ал мен үшін, осы шаңырағы биік, керегесі берік елдің жас ұрпағы болу мақтаныш. Қой үстіне бозторғай ұялаған заман бізге оңай келмеді. Ата-бабамыздың ерен ерлігінің арқасында егеменді еліміздің көк туы аспанымызда желбіреп тұр. Әлемдегі мемлекеттердің қай-қайсысымен де иық теңестіре алатындай еліміздің болашағының сұлбасын көру үшін біз алдымен, өткенге, дала өркениетінің бесігі болған қазақ тарихының тереңіне үңілуіміз керек. Мәңгілік елдің ұлы тарихы қазақ хандығының негізін салушылар – Керей мен Жәнібектен басталғаны сөзсіз. Қайсар рухты ата-бабамыздың бодан ел болмау үшін, «Тәуелсіз қазақ елі» деп мақтанышпен айту құқығы үшін ғасырлар бойы ерлікпен күресіп, нәтижесінде өз арман-мақсаттарына қол жеткізгені біз үшін мақтаныш.

Тәуелсіз елім, тірегім!
Аңсап жеткен ұлы елім.
Шоқ жұлдыздай аспанда,
Жарқырады беделің.

Осынау кең-байтақ тәуелсіз елімізде емін-еркін өмір сүру біз үшін баға жетпес байлық. Осы теңдесі жоқ байлығымызды бағалау біздің борышымыз деп білемін.

Бұл эссемді аяқтамас бұрын айтарым, тәуелсіз еліміздің жан-жақты дамуы, көркеюі – жас ұрпақ, біздің қолымызда. Мен қазіргі жастардың ұлтын ұлықтайтын, Отанын қастерлейтін, Димаштай қазақ елін әлемге танытатынына кәміл сенемін! Бабалар аманаттаған ұлан-байтақ жерімізді, қазба байлықтарымызды, салт-дәстүрімізді көздің қарашығындай сақтап, ұрпаққа жеткізу біздің басты парызымыз.

**Арианна СҰЛТАН,**
**Педагогика және психология факультеті.**
**Арнайы педагогика АПҚ-311 топ студенті.**




# НЕЗАВИСИМОСТЬ ПРЕВЫШЕ ВСЕГО

Независимость – это прежде всего результат высоких мечтаний и мужественного духа казахского народа, стремящегося к свободе. Президент подчеркнул, что независимость Казахстана – это не подарок судьбы казахам, а законное право на установление собственной государственности на своей древней земле и никто не должен сомневаться в этом политическом факте. В этом есть большой смысл. Пережив изгнание XX века и вступив в новое тысячелетие Казахстан показал всеми миру свою природу, яркую и богатую культуру, традиции, сформировавшиеся в глубине веков, интересную и разнообразную историю, для возрождения новой жизни без рабства и насилия, для торжества красоты и разума.

Государство укрепило дух нации. Казахстан прославился не только неизмеримыми природными богатствами, но и единством своего народа. Он играет влиятельную роль в обсуждении и решении не только региональных, но и глобальных проблем. На основе обновления государственных и политических структур власти конституционным путем был заложен прочный фундамент демократического развития страны. Изменилась внутренняя экономическая система, были созданы рыночные отношения и институты.

Статья Президента РК Касым-Жомарта Токаева «Независимость дороже всего» стала очень важным документом, который призвал наших соотечественников проанализировать пройденный нами путь и определить наше будущее направление. Всегда приятно знать, что каждый из нас дорог и ценен. Именно так формируется и развиваются государственная традиция воспитания гражданственности.

Неотложной задачей государства является утверждение в сознании молодежи того, что независимость дороже всего. Большое значение имеет предложение Президента о привлечении к этому вопросу специалистов киноиндустрии, потому что возможности искусства, ставшего влиятельным инструментом политики, безграничны. Идея государственности всегда должна отражаться в художественных и документальных исторических произведениях. В этом контексте хотелось бы сказать, что при съемке фильма лучше привлекать энергичных и компетентных людей, чем приглашать иностранных специалистов...

Независимость не может сразу изменить мышление людей. Его ноша тяжела, как морское дно. Одним словом, сложный период требует сильное сердце, крепкие нервы, терпения и настойчивости. Для того чтобы страна выделилась в жестокой конкурентной борьбе, нужна железная дисциплина и колоссальный труд. А мы ждем новых перемен!

**Аяжан КАЛИАКБАР.**
**РЯЛ-211.**

## Дүр сілкінген сана

Желтоқсанның күндерінен ызғарлы
Жүректерде талай мұңды із қалды.
Өтті бәрі: қиын күндер елестей,
Ұлтымыздың ұлы арманы гүл жарды.

Дүр сілкінтті қыран елдің санасын.
Көкбөрі де жалап жазды жарасын.
Төзіміне риза болып тәңірім,
Өнбойына құйды нұрдан жарасым.

Тәуелсіздік – ел үміті кешегі,
Қазақ аман тұрса, неге өшеді?!
Мұз үстінде шаранаға шыр еткен,
Жаратушым алақанын төседі.

Мейіріммен көмкерілген бесігі,
«Бақыт бағы» оның ашқан есігі.
Орда бұзып келді міне, сол ұлан,
Тәуелсіздік – оның көркем есімі!

Алаулатып жаққан бақыт шырағын,
Қазақ жері – сенің мәңгі тұрағың.
Жылатпауға туған жұртын ант еткен
Тәуелсіздік, мәңгі жаса, ұланым!

Бізге қымбат сен келген күн өмірге,
Шаттық күйі күмбірлейді көңілде.
Көк аспанның астындағы көк туым,
Асқақтасын, желбіресін көгімде!

**Әділ САЯТҰЛЫ,**
**ЖК-311.**

## Бір жағадан бас...

Сұңқар ұшқан сүйемін – аспаныңды,
Тұлпар қосып бәйгеге асқан мыңды.
Қалды артта сары аяз, келді уақыт –
Қашап жазар, тарих пен тасқа мыңды.

Міне, отыздан аса жыл өтті: қазақ жұрты талай сары аяз суық қысты бастан кешіріп, армандаған егемендікке қол жеткізді. Қазақстан бүгінде дербес мемлекет ретінде әлемге танылды. Талантты да дарынды жастар қазіргі заманның батырлары іспетті Республикамыздың дамуына үлкен үлес қосып жүр. Осы күн үшін, ең алдымен, жанын беріп, күресіп, құрбан болған батырларға қарыздармыз. Олар жаққан үміт отын сөндірмеуге міндеттіміз. Тектінің ұрпағы деген құрметті атқа сай, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, биік белестерге бірге жетейік! Жастар, қайнаған алаң, аққан жас, тоңған қаракөз, қайсар ер мен қайтпас рух – есте мәңгі қалуы тиіс!

**Камила БАҚЫТҚЫЗЫ,**
**ИЯР-121.**




# ЕРТЕҢІҢ ҮШІН АЯНБА, ЕРІМ!

Әлем картасынан ойып тұрып орын алған жас мемлекетіміздің тарихы төртінші он жылдыққа аяқ басып жатыр. Арайлап атқан таң, қорғалған құқық, қолжетімді білім – барлығы да егемендік үшін болған ұлы күрестің жеңісі, желтоқсанның жемісі. Ата-бабамыз қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заманды аңсап кетіп еді. Біздер бейбіт күнге ынтымақтастық пен татулықтың арқасында жеттік. Қазақ халқы жұдырықтай жұмылса, дамыған елдердің қатарына қосыла алады. Ол үшін қолда барды бағалап, қадіріне жете білу керек. «Панам да ел, данам да ел. Соған арқа сүйедім, содан үйрендім» деп Дінмұхамед Қонаев айтқандай, біздің бір ғана отанымыз бар, ол – тәуелсіз Қазақстан. Азаттық жолында қыршынынан қиылған бозбала жігіттер мен қаракөз қыздарымызды тек 16 желтоқсан күні еске алатынымыз да өтірік емес. Тәуелсіздік үшін тағдырын тәуекел еткен аға-әпкелеріміздің қадіріне жете алдық па?!

